

Тексерілді
Қосылды

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : «Құралай» балабақшасы

Топ: «Тұлпар» ересек

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09 - 08.09.2023ж.

Педагогтың аты-жөні: Мәмбеталина. А.К.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	«Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері туралы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып,	"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту". Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме өсімдіктеріне күтім жасауды үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін	"Өсімдіктерді тамақтандыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қорек көзі топырақ екенін түсіндіру, өсімдіктерге қоректік заттарды бере отырып, топырақтың құнары	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан	"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық". Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: тәрбиеші ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындаған материалдар мен оқу

	өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, айналадағы табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	таусылатынын, өсімдіктерді қоректендіру керектігі туралы айту. Өсімдіктерді қоректендіру жолдарын түсіндіру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Адал ниетпен еңбектену керектігін түсіндіру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	құралдарын үстелдерге қою және орнына жинау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Үстел үсті ойыны. «Ойықтың ішіне заттарды орналастыру». Мақсат-міндеттері.	Ойын: «Көліктер». Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін ажыратуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу) Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Ойыншықтармен	Құрылыс ойындары «Үй құрастырамыз». Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттырып дамытады. Ойын атрибуттары: "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйлерін	«Жұбын тап». Мақсат-міндеттері. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: жемістер мен көгөністерге байланысты текшелер. Ойын барысы. Ойынға 3-4 бала	Үстел үсті ойыны. Пазл. «Қайсы отбасы мүшесі?» Мақсат-міндеттер. Балалармен отбасы туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту) Музыкадан ойын-жаттығу. "Көңілді балалар". Мақсат-міндеттері. Балаларды

	Балалардың танымын, зейінін, қабілетін дамыту. (танымдық дағдылар) Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Тәрбиеші". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Тәрбиеші" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдап, жаттап алуды үйрету. Дайын суретті бояу тапсырмасы. Мақсат-міндеттері. Дайын суретті бояу. (сурет салу)	танысайық та, санайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттар жиынын үйрету. Дамытушы жаттығу "Саны сонша допты көрсет." Мақсат-міндеттері. Доптардың көлемі мен түсін анықтау. (танымдық дағдылар) Қазақтың ұлттық ойыны. "Алтыатар ойыны". Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған)баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су	құрастыруды ұсынады. (құрастыру) Сюжетті-рөлді ойын. «Балабақша». Міндеттер: Балаларды балабақшада жұмыс істейтін ересектердің еңбегімен таныстыру. Рөлді қабылдау қабілетін дамыту. Ойын материалы: Қуыршақтар, ойыншық ыдыстар, алмастырғыш заттар. Ойын рөлдері: Аспаз, дәрігер, күтуші, тәрбиеші, музыка қызметкері. Ойын барысы: Тәрбиеші ойынды балабақшаға экскурсиядан бастай алады. Экскурсия кезінде ол балалардың назарын бақшада көптеген	қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойын бастайды. Аты аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол бала жеңеді. (сөйлеуді дамыту) Музыкалық-дидактикалық ойын. «Күн мен жаңбыр». Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды музыканың әртүрлі сыр-сипатын ажыратуға баулу (көңілді, ойнақы, сабырлы, мұңды).	балабақша туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету. Дидактикалық ойын: "Сиқырлы ноталар". Мақсат-міндеттері. Әуенді тыңдап, ноталарды дұрыс орналастыруды үйрету.
--	--	---	---	--	---

		(сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны — 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі. (дене шынықтыру)	топтар мен көптеген балалар бар екеніне аударады. Бақшадағы барлық балалар көңілді және қызықты өмір сүреді, өйткені ересектер оларға қамқорлық жасайды: аспаз тамақ дайындайды, медбике балаларға вакцинация жасайды, емдейді, күтуші топтық бөлмені тазалайды, тамақ береді, тәрбиеші балалармен айналысады, олармен ойнайды. Экскурсиядан кейін тәрбиеші балалардан не көргендерін сұрайды және барлығына аспаз, күтуші, тәрбиеші, музыка қызметкері болуға тырысады. Тәрбиеші алдымен пәндермен әрекеттерді өзі	Шығармалардың көңіл-күйін сезіне білуге үйретеді. Ойынның шарты: көңілді күн мен бұлттың суреттері бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар екі түрлі шығарманы тыңдап, әуен сипатына сәйкес суретті көрсетеді. (музыка)	
--	--	--	--	--	--

			көрсете алады. Мысалы, аспазшы рөлін атқара отырып, тәрбиеші сорпаны дайындауға қажетті заттарды дайындайды: кастрюль, қасық, сорпа, сәбіз, картоп және т.б. сонымен бірге тәрбиеші алмастыратын заттарды қолданады. Осыдан кейін ол балалардың біріне сорпа дайындауды ұсынады. Сонымен, тәрбиеші бірнеше сюжетті ойнай алады. Бірте-бірте бірнеше сюжеттер бір қызықты ойынға біріктіріледі. Мысалы, екі қыз қуыршақтармен ойнайды, оларды төсектен көтереді, киіндіреді, өзара сөйлеседі, олардан		
--	--	--	--	--	--

			алыс жерде тағы бір қыз балалар асханасын ұйымдастырады, үстелге үш қуыршақ отырғызады және олардың алдына ас құралдарын қояды. Тәрбиеші бұл жағдайды келесідей қолдана алады: ол екі қызға аналардың жұмысқа, ал балалардың балабақшаға баратын уақыты келгенін, таңғы ас сол жерде басталатынын айтады. Осылайша, тәрбиеші екі ойнайтын топты бір топқа табиғи түрде біріктіруге ықпал етеді. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)		
Ертеңгілік жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1. Таяқшаны алға созу. 2. Оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру.				

	3. Таяқшаны алдыға созып ұстау. 4. Сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру. 5. Таяқшаны алдыға созып ұстау. 6. Бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. 1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу. 3-4 бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1. Оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау. 2. Сол аяқты оның қасына алып келу. 3. Оң аяқпен таяқшадан аттап, артқа бір адым жасау. 4. Сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1. Таяқшаны жоғары көтеру. 2. Оңға иілу. 3. Түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру. 4. Бастапқы қалып. Сол жақпен дәл солай орындалады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз. Тамақ ішер алдында Тып-тыныш отырамыз! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Аспанда күн ыстық. Жерде бізге кім ыстық? Әке мен шешеміз Бәрінен тым ыстық!	Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар. Әкем мен анам бар,	Сәлем! Сәлем! Сәлем! Қалын қалай? Сәлем! Арайлап таң атты,	«Амансың ба, Алтын күн!» Амансың ба, Алтын күн! Амансың ба, Жер -	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң, құсқа да, аңға да, Қайырлы таң, жайдары жанға да.

	Жасасын туыстық, Достық пен тыныштық. Күз мезгілі және ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін. Еркелеймін, еремін! Отбасы мүшелері және отбасымен өткізген демалыс туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Біз бақытты баламыз. (Барлығы жарты шеңбер жасап отырады, қайталайды). Әкесі мен анасы қандай жұмыс істейді, олар немен айналысатындары, үйде балаларын қалай еркелететіндері, оларға не үйрететіндері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам! Балалар кілемге дөңгелене жайғасады, бәрі бірге қайталайды. Аталары мен әжелері немен айналысатынын, олар қалай еркелететіні туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Қайырлы таң алға ассын, Кешке дейін жалғассын! Бауыры мен апайы, інісі мен қарындастары бір- біріне қалай қолғанат болатындары жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Ұйымшыл балалар" Балаларды сапта бір- бірлеп жүру; заттар арасымен доптарды домалатуға үйрету; бірқалыпты жүгіру дағдыларын дамыту; дене жаттығуларын орындауға	Қазақ тілі "Мен және менің балабақшам. Ойыншықтар". Мақсат-міндеттер. Балаларға сәлемдесу мен қоштасу ережелері туралы түсінік беру, ересектермен және	Дене шынықтыру "Достар жұптары". Мақсат-міндеттері. Балаларға допты жоғары лақтыруды үйрету.	Музыка "Көңілді балалар" Мақсат-міндеттер. Балаларға балабақша туралы әнді тыңдап отырып, оның сыр- сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін	Дене шынықтыру "Бір-бірден қатарға тұру". Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-бірден қатарға тұруды үйрету.

	қызығушылық танытуға ынталандыру.	кұрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларымен таныстыру. Қарт адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз. Көп адамға: «Сәлеметсіңдер ме!» - дейміз. Көршің мен досыңа: «Сәлеметсің бе!» - дейміз. Бейтаныс адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз. Педагог карточка-суреттерді атап көрсетеді: Қарт адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз. Музыка "Балабақша әніміз". Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша туралы әнді тыңдай		жетілдіру; музыка ырғақты қимылдарды музыка әуенімен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын қалыптастыру; мәдени қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеу.	
--	-----------------------------------	--	--	--	--

		отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету.			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Үлескеге ұшып келген құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Құстарды танып білу, дене бөліктерін атау; құстарға қамқорлық сезімдерін ояту. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (мәселен, гүл суару). Мақсат-міндеттері.	Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Жаңбыр жауып тұрған кездегі ауа райындағы өзгерістерді білуді үйрету: сұр аспан, бұлтты, бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ немесе сирек жауады, күзгі жаңбырдан кейін шалшықтағы сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ,	Бұлтты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. Жұмбақтар. Ақ мақта,	Өрмекші мен өрмекті бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Өрмекшінің өмірі жайында терең білім беріп және олардың жоғалып кетуі жайлы әңгімелеп беру. Өрмекті елестету, өрмек ол өрмекшінің ұсақ жәндіктерді қоректену үшін құратын жіңішке, әрі берік өрілген жібі екенін айтып беру. Байқампаздықты қалыптастыру. Жұмбақ.	Өзенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Өзенде болатын маусымдық өзгерістерді бақылап және бәрін атап берулерін қадағалау. Су күңгірттенді, суда жүзетін құстар жоқ, балықтар мен бақалар су түбінде. Өзеннің табиғаттың негізгі ресурсы екенін және оның сұлулығына қарап, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жұмбақтар.

Қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Допты қуып жет», «Күн мен жаңбыр» (мөлшері 2-3рет). (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Бір-бірімен қақтығысып қалмай жүгіруге жаттықтыру. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді. Күрделенуі: сызықтардан уақытқа	жәндіктер тығылып қалған, құстардың қоректері азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді. Жұмбақ. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. Биіктен қайта түскенде, Өңі кірер даланың. (Жаңбыр.) Қимылды ойын: «Кең қадам». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). "Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер:	Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар.) Көзі жасты жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт.) Қимылды ойын: «Кең қадам». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). "Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер	Шидиген ұзын сирағы, Тастай керең құлағы. Сөйтіп жүріп көп жерге, Аспалы торлар құрады. (Өрмекші.) Қимылды ойын. «Маймылдар». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеп, ілулі тұрған заттарды алуды үйрету және эстафетаны келесі ойыншы жалғастыруы қажеттігін үйрету. Ойын барысында жылдам шешім қабылдауға тәрбиелеу. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа	Жазда сылдыр қағады, қыста тыным табады. (Өзен.) Бет көрсететін айнама, тауып алдым сайдан. (Ағын су.) Тәжірибе. Суға ұсақ тастар мен жаңғақтарды лақтыру. Қорытынды. Ауыр заттар батып, жеңілі су бетіне шығады. Қимылды ойын. «Жылға арқылы». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Екі түзу сызықтан екі аяқпен секіруді қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінің барысында үйренген әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануды үйрету. "Мысықтар мен торғайлар", "Қарғалар" (мөлшері 2-3 рет). (дене шынықтыру)
--	---	--	---	--

	жылдам секіруге шақыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттардың топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту. Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек." Еңбек: гүлзардағы жерді қопсыту. Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар». Мақсат-міндеттері. Балалардың өз жолдастарымен бір	құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санандар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "Бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. Еңбек: гүлзардағы жерді қопсыту. Мақсат-міндеттері.	шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс. Еңбек: «Өрмектеп жинау». Мақсат-міндеттер. Кезекшінің міндеті және берілген тапсырманы мүлтіксіз орындау қабілетін дамыту. Өз бетімен ойындар ойнау. Мақсат-міндеттер.	Мақсат-міндеттер: денсаулыққа, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту, дене бұлшықет қозғалысын пысықтау, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, алғырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Еңбек: «Аквариум үшін жағадан ұсақ тастар жинап теру». Мақсат-міндеттері. Тапсырманының маңыздылығына мән беру, Аквариумдағы балықтардың өмірі туралы түсініктерін
--	--	--	--	--	--

		шешімге келуі және бір іс-әрекетті ұжыммен жасауы.	Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар». Мақсат-міндеттері. Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті жасауы.	Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.	кеңейту. Өз бетімен ойындар ойнау. Мақсат-міндеттері. Ойынның барысы мен ережесін өз бетімен ойлап табуды үйрету; шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз. Тамақ ішер алдында Тып-тыныш отырамыз!				
Түскі ұйқы	"Екі дос" ертегісін жағымды үнмен айта отырып, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				

Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Шкафқа не жиналғанын санайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Ата-әжемнің әндері. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [а], [ә] дыбыстары. Мақсат-міндеттері. Балаларды ауылдағы еңбек туралы тақпақпен таныстыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Атай". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Атай" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдауды үйрету. Дайын суретті бояу тапсырмасы. Мақсат-міндеттер. Отбасы тақырыбында суретті бояу. (сурет) Сюжетті-рөлдік ойын. «Қуыршақты тамақтандыр». Мақсат-міндеттері. Ірі құрылыс материалдарымен, құрастырмақтармен ойындар. (құрастыру, сөйлеуді дамыту) "Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау"	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Әжем пісірген піспенанды безендірейік". Мақсат-міндеттері. Балалардың қарындашпен піспенанның дөңгелек пішінді сұлбасын қызғалдақ оюы арқылы безендіруге үйрету; оюды төрт жаққа қаратып, салу тәсілін игерту. Логикалық ойын. "Саны тең гүлдерді табайық". Мақсат-міндеттері. Кейіпкерлердің санын гүлдердің санымен сәйкестендіруді үйрету. (математика негіздері) Қоршаған ортамен танысудан ойын-	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Отбасы шежіресі". Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы туралы білімдерін кеңейту; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беру қабілетін қалыптастыру. Дидактикалық ойын. "Туыстық атауларды ажырат". Мақсат-міндеттері. Отбасындағы туыстық атауларды танып, бір-бірінен ажыратуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) «Кімнің заттары?» ойыны. Мақсат-міндеттері. Жакын адамдарына тиесілі заттарды	Жапсырудан ойын-жаттығу. "Менің әжем". Мақсат-міндеттері. Балаларды көлемі үлкен шеңберден әженің басын, жартысы қиылған шеңберден әженің денесін қағаз бетіне орналастырып, көлемі орташа шеңберлерді тең ортасынан екіге бүктеп, әженің шашын жапсыруды үйрету. Вариативті компонент. Құрастыру "Мен және менің отбасым". Мақсат-міндеттер: балаларды қағаздан отбасы мүшелері: әке мен ананы құрастыру амалдарымен таныстыру; жарты

	болу қасиеттерін түсіндіру, [А], [Ә] дауысты дыбыстары жөнінде ұғымдар қалыптастыру. Артикуляциялық жаттығулар. [А], [Ә] дауысты дыбыстары. Үстел үсті театры. Мақсат-міндеттер. «Менің балабақшам» және тағы басқа тақырыптарда сюжеттік суреттерді қарастыру. (сөйлеуді дамыту)	дамытушылық жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру қабілеттерін дамыту. Барысы. Орындарынан тұру, қолдарын екі жаққа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру. Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдік ұзақтығын реттеу қажет. (дене шынықтыру)	жаттығу. "Тазы". Мақсат-міндеттері. Ұй жануарларының өмір сүру ерекшеліктеріне сай бір-бірінен ажыратуды үйрету. Дидактикалық ойын. "Иттің тамағын тап". Мақсат-міндеттері. Иттің қорегін тауып атау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) «Қуыршақты жуындырамыз» ойын жаттығулары. Мақсат-міндеттері. Альбомдар мен сюжетті суреттерді қарастыру; ірі құрылыс материалдарымен ойындар. (құрастыру, сөйлеуді дамыту)	тауып айту. Боямақтар, пазлдар, мозаикалар және тағы басқалар. (сөйлеуді дамыту) Сюжетті-рөлдік ойын. "Балабақша". Мақсат-міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жабдықтар. Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар.	шеңберді бұру арқылы геометриялық дене: конусты жасауға үйрету; қағаздың сипаттары және түрлері туралы білімдерін толықтырып, балалардың қағаздан құрастыру іскерліктерін жетілдіру. Дидактикалық ойын. "Отбасы ағашы". Мақсат-міндеттері. отбасы мүшелері жайлы толық сөйлем құрау іскерліктерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы". Мақсат-міндеттер: балалардың
--	---	---	---	--	---

			Барысы. Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды. Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды. Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, қосымша сұрақтар қояды, анықтайды, қандай қимыл-әрекет қабылдап, не істеу керектігін, балалардың ауысуына бағыттайды.	ойыншықтар туралы білімдерін бекіту, шығармашылық ойлауын, өзара өнімді қарым-қатынас орнату біліктіліктерін дамыту, заттардың қасиетін анықтауға деген қызығушылықтарын арттыру . Керекті құрал-жабдықтар: дамытушылық ойыншықтар (машинкалар, пластикалық қуыршақтар, Лего ойыншықтары, Киндер тосынсый-ойыншықтары). Барысы. Балалар өз еркімен немесе топтың қалауы бойынша (ойыншылар) шеберлер рөліне тағайындалады. Педагог олар үшін
--	--	--	--	--

				(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	арнайы бұрыш ұйымдастырып, оны безендіреді. Ойыншы балаларға бұзылған ойыншықты әкеледі, шеберге көрсетеді, шебер зерттеп, бұзылған ойыншықты жөндейді. (сөйлеуді дамыту, шығармашылық дағдылар)
Балалармен жеке жұмыс	Тапсырма: суреттерді мұқият қарап шық. Барлық заттарды есіңе сақтауға тырыс. Кітапты жауып, суретте не салынғанын айтып бер. (сөйлеуді дамыту) Мируланмен сурет бойынша әңгіме құрастыруға көмектесу	Дидактикалық ойын. "Күзде не болады?" Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын ажырата білу. Барысы: педагог балалардың алдына әр жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді таратады. Бала осы суреттердің	Дидактикалық ойын. "Жамауын тап". Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттің жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету. Барысы: педагог әр баланың алдына мысықтар бейнеленген суретті таратады және сурет бейнеленген	Театрды сахналау. "Үйшік" ертегісін сахналау. Мақсат-міндеттері. Ертегі мазмұнын, кейіпкерлердің әрекеттерін естерінде жаңғырту, театр өнеріне қызығушылықтарын арттыру. (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын "Жанды және жансыз табиғат". Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі және жансыз табиғат туралы білімдерін жүйелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)

		ішінен күз мезгіліне байланысты суретті таңдап алады және де суретті бейнелеп береді. Мысалы, "Күн бұлттардың артында жасырынып тұр". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	домалақтарды таратады. Балалар суретте жоқ домалақтардың үстіне сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды орналастырады. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)		
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін түймелеп, аяқ киімнің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Үлескеге ұшып келген құстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Құстарды танып білу, дене бөліктерін атау; құстарға қамқорлық сезімдерін ояту. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті	Жаңбырды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Жаңбыр жауып тұрған кездегі ауа райындағы өзгерістерді білуді үйрету: сұр аспан, бұлтты, бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр.	Бұлтты бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады.	Өрмекші мен өрмекті бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Өрмекшінің өмірі жайында терең білім беріп және олардың жоғалып кетуі жайлы әңгімелеп беру. Өрмекті елестету, өрмек ол өрмекшінің	Өзенді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Өзенде болатын маусымдық өзгерістерді бақылап және бәрін атап берулерін қадағалау. Су күңгірттенді, суда жүзетін құстар жоқ, балықтар мен

ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (мәселен, гүл суару). Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды орындауды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Допты қуып жет», «Күн мен жаңбыр» (мөлшері 2-3рет). (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Бір-бірімен қақтығысып қалмай жүгіруге жаттықтыру. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен	Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ немесе сирек жауады, күзгі жаңбырдан кейін шалшықтағы сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың қоректері азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді. Жұмбақ. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. Биіктен қайта түскенде, Өңі кірер даланың. (Жаңбыр.) Қимылды ойын: «Кең қадам». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені	Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. Жұмбақтар. Ақ мақта, Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар.) Көзі жасты жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт.) Қимылды ойын: «Кең қадам». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). "Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)	ұсақ жәндіктерді қоректену үшін құратын жіңішке, әрі берік өрілген жібі екенін айтып беру. Байқампаздықты қалыптастыру. Жұмбақ. Шидиген ұзын сирағы, Тастай керең құлағы. Сөйтіп жүріп көп жерге, Аспалы торлар құрады. (Өрмекші.) Қимылды ойын. «Маймылдар». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеп, ілулі тұрған заттарды алуды үйрету және эстафетаны келесі ойыншы жалғастыруы қажеттігін үйрету. Ойын барысында жылдам шешім қабылдауға	бақалар су түбінде. Өзеннің табиғаттың негізгі ресурсы екенін және оның сұлулығына қарап, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жұмбақтар. Жазда сылдыр қағады, қыста тыным табады. (Өзен.) Бет көрсететін айнама, тауып алдым сайдан. (Ағын су.) Тәжірибе. Суға ұсақ тастар мен жаңғақтарды лақтыру. Қорытынды. Ауыр заттар батып, жеңілі су бетіне шығады. Қимылды ойын. «Жылға арқылы». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Екі түзу сызықтан екі аяқпен секіруді қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінің
---	--	--	--	--

	секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді. Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). "Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттардың топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту. Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек." Еңбек: гүлзардағы жерді қопсыту. Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге	Мақсат-міндеттер: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санандар! Бір, екі, үш! Ал тарандар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп	тәрбиелеу. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс. Еңбек: «Өрмектеп жинау». Мақсат-міндеттер.	барысында үйренген әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануды үйрету. "Мысықтар мен торғайлар", "Қарғалар" (мөлшері 2-3 рет). (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: денсаулыққа, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту, дене бұлшықет қозғалысын пысықтау, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру; ептілікке, алғырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Еңбек: «Аквариум
--	--	--	---	--	---

		тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар». Мақсат-міндеттері. Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті ұжыммен жасауы.	санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. Еңбек: гүлзардағы жерді қопсыту. Мақсат-міндеттері. Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар». Мақсат-міндеттері. Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті жасауы.	Кезекшінің міндеті және берілген тапсырманы мүлтіксіз орындау қабілетін дамыту. Өз бетімен ойындар ойнау. Мақсат-міндеттер. Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.	үшін жағадан ұсақ тастар жинап теру». Мақсат-міндеттері. Тапсырманының маңыздылығына мән беру, Аквариумдағы балықтардың өмірі туралы түсініктерін кеңейту. Өз бетімен ойындар ойнау. Мақсат-міндеттері. Ойынның барысы мен ережесін өз бетімен ойлап табуды үйрету; шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз.				

	Тамақ ішер алдында Тып-тыныш отырамыз!				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (кұрастыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау.	Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарда әдепті балалар өздерін қалай ұстау керек?»	«Асығыс тамақтанудың зияны» тақырыбында кеңес.	"Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу.	«Балаларға арналған үй жиһазы» атты сұрақ-жауап.